

**ТОО «Оқу және Даму Институты»**

Жоба

**Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының  
білім беру бағдарламасы**

**«Мектепке дейінгі ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері  
бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттердің кәсіби  
құзыреттерін дамыту»**

**Қараганды, 2025**

## Мазмұны

|    |                                                                  |    |
|----|------------------------------------------------------------------|----|
| 1  | Жалпы ережелер.....                                              | 3  |
| 2  | Глоссарий.....                                                   | 5  |
| 3  | Бағдарламаның тақырыптары.....                                   | 7  |
| 4  | Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері..... | 8  |
| 5  | Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....                          | 9  |
| 6  | Оқу процесін ұйымдастыру.....                                    | 11 |
| 7  | Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....                 | 12 |
| 8  | Оқыту нәтижелерін бағалау.....                                   | 13 |
| 9  | Курстан кейінгі қолдау.....                                      | 14 |
| 10 | Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі .....                     | 16 |

## 1. Жалпы ережелер

Бағдарлама барлық түрдегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауды қамтамасыз ететін педагог-ассистенттерге арналған. Бағдарламаның өзектілігі Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру саласындағы стратегиялық басымдықтарымен, ерекше қажеттілігі бар балаларға ерте көмек көрсету қажеттілігімен, білікті кадрларға қажеттіліктің өсуімен, сондай-ақ БҰҰ, ЮНЕСКО ұсынымдарына және ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуын қолдаудың әлемдік тәжірибелеріне сәйкес келетін халықаралық үрдістермен айқындалады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының төмендегідей нормативтік-құқықтық актілерінің негізгі ережелері мен талаптарын ескере отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995);
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III Заңы;
- Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.
- Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы;
- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ;
- Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1143 қаулысы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

- Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы;
- Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы;

Сонымен қатар, Бағдарлама Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының нысаналы индикаторларына жауап береді, мұнда басты міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды қамтамасыз ету болып табылады.

Ол сондай-ақ білім беру саласындағы халықаралық стратегиялық құжаттарға сәйкес келеді, соның ішінде:

- «Білім-2030» Инчхон декларациясы (ЮНЕСКО, 2015), білім беруді инклюзивті, әділ және мүмкіншіліктер теңдігіне бағытталған;
- Еуропалық Одақтың білім беру және оқыту саласындағы стратегиялық бағдарламаларында (ЕО 2020) әлеуметтік жағдайына, отбасының қаржылық мүмкіндіктеріне, қабілеттер деңгейіне және арнайы білім беру қажеттіліктерінің болуына қарамастан барлығына сапалы білім беру қажеттілігі атап көрсетілген;
- БҚҚ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясының ережелері;
- Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ), атап айтқанда ТДМ 4, инклюзивті және сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және барлығына өмір бойы білім алу мүмкіндігіне бағытталған.

Осылайша, бағдарлама Қазақстан Республикасының ұлттық басымдықтары мен нормативтік талаптарын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи әлемдік үрдістерін біріктіреді. Оны іске асыру педагог-ассистенттердің кәсіби дайындығын арттыруға, мектепке дейінгі ұйымдардың кадрлық әлеуетін нығайтуға және балалардың барлық санаттары үшін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

## 2. Глоссарий

|                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Психологиялық-педагогикалық қолдау</b>                      | Білім беру ұйымдарында іске асырылатын, оның барысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту және даму үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйесі-ұйымдастырылған қызмет ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-2) тармақшасын)                                                                                                                               |
| <b>Білім алу үшін арнайы жағдайлар</b>                         | ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; «Білім беру туралы» ҚР Заңының 1 базы 7.4 тармақшасын) |
| <b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (балалар)</b> | Тиісті деңгейдегі білім алу және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттіліктерді сезінетін адамдар (бағалау) ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-2) тармақшасын)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</b>               | Білім алу үшін қажетті арнайы жағдайлардың анықтау ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 19-3) тармақшасын)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Педагог</b>                                                 | педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам; ("Білім туралы" ҚР Заңының 1-базы 50-1) тармақшасын)                                                                                                                                                                                         |
| <b>Оқу бағдарламаларын бейімдеу</b>                            | Білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                          | және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, ҚР Заңы 2021 жылы 26 маусым)                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Инклюзивті білім беру концепциясы</b> | тұрақты даму, өмір бойы білім алу және қоғамның барлық салалары үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында білім беруді қолдаудың жалпы басшылық қағидаты (ЮНЕСКО, "Инклюзивті білім беру: болашаққа жол", Білім беру мәселелері жөніндегі Халықаралық конференция, 2008 ж.)                                                                                                                                                               |
| <b>Дамытушы орта</b>                     | дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы) |

### 3. Бағдарлама тақырыптары

Бағдарламаның тақырыптары мектепке дейінгі ұйымдарында инклюзивті практиканы енгізу жағдайында педагог-ассистенттердің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптарды көрсетеді. Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі келесі факторларға байланысты:

1. Мектепке дейінгі білім берудің педагог-ассистенттерін даярлауға бағытталған біліктілікті арттырудың жүйелі курстарының болмауы. Қолданыстағы білім беру бағдарламалары негізінен жалпы білім беретін мектептердің педагог-ассистенттеріне бағытталған, ал мектеп жасына дейінгі ерте көмектің ерекшелігі басқа тәсілдер мен құралдарды, құзыреттіліктерді қажет етеді.
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда педагог-ассистент лауазымының жеткіліксіз таралуы. Үлгілік штаттық нормативтер психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия ұсынысы бойынша осы лауазымды енгізу мүмкіндігін көздейтініне қарамастан, іс-жүзінде мұндай бірліктер барлық мектепке дейінгі ұйымдарда енгізілмеген.
3. Қазақстанда педагог-ассистенттерді кәсіби даярлау жүйесінің болмауы. Бүгінгі таңда кейбір қазақстандық жоғары оқу орындары осындай білім

беру бағдарламаларын қалыптастыра бастады және әзірге арнайы дайындалған кадрлардың түлектері жоқ.

4. Қазақстанда педагог-ассистенттерді кәсіби даярлау жүйесі әлі толық қалыптаспаған. Қазіргі уақытта кейбір жоғары оқу орындары ғана осы бағыттағы білім беру бағдарламаларын әзірлей бастады, сондықтан әзірше арнайы дайындықтан өткен мамандардың алғашқы түлектері жоқ.
5. Педагог-ассистенттердің міндеттерін өзге білікті мамандарының нақты орындауы. Іс-жүзінде педагог-ассистенттердің функцияларын көбінесе педагогтер, тәрбиешілер, дефектологтар немесе кейбір жағдайларда ереше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналары орындайды, бұл қызметті кәсібилендіруге айтарлықтай сұраныс тудырады.
6. Ерекше қажеттілігі бар балалардың әртүрлі санаттары бар мектеп жасына дейінгі балаларды қолдаудың заманауи әдістерін әзірлеу қажеттілігі. Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау, әсіресе командалық өзара іс-әрекет, бақылауларды жинау және талдау, нәтижелерді құжаттау, ойын және тұрмыстық жағдайларда баланы қолдау бөлігінде бағдарланған әдістемелік материалдардың жеткіліксіздігі.

Сонымен, бағдарлама мектеп жасына дейінгі ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау үшін мамандарды даярлау жүйесіндегі қиындықтардың орнын толтырады және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады, онсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды сапалы қолдау мүмкін емес.

#### **4. Бағдарлама мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелер.**

**Бағдарлама мақсаты:** инклюзивті тәрбие-білім беру үрдісі жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ететін педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру және дамыту.

##### **Бағдарлама міндеттері:**

1. Тыңдаушыларды мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог-ассистенттер қызметінің нормативтік құқықтық негіздерін білумен қамтамасыз ету.
2. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және командалық бағалау жүргізудің заманауи тәсілдері туралы түсінік қалыптастыру.
3. Дербес білім беру және түзете – дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру әдістерін меңгерту.
4. Баланың даму динамикасын талдау және хаттамалау, бақылау дағдыларын қалыптастыру.
5. Әртүрлі санаттағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ойын, тұрмыстық және қарым-қатынас жасай алуға қолдау көрсету тәсілдерін үйрету.
6. Қауіпсіз, дамытушы және эмоционалды қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға қажетті құзыреттерді дамыту.

7. Балаларды қолдаудағы педагогтермен, ата-аналармен және мамандармен тиімді кәсіби ынтымақтастық деңгейін арттыру.
8. Белгіленген есептік құжаттамаларды жүргізуге практикалық дайындықты қамтамасыз ету.

### **Күтілетін нәтижелер:**

#### **Тыңдаушылардың бағдарламаны игеру қортындысы бойынша:**

- Педагог-ассистенттің нормативті-құқықтық талаптарын және лауазымдық міндеттерін біледі;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың даму ерекшеліктерін түсініп жеке білім беру маршрутын құрудың негіздерін меңгереді;
- Баланың әлеуметтік-бейімделу динамикасын бақылау және тіркеу, бақылау әдістерін меңгерген;
- Мамандардың командалық бағалауына қатысып, жеке бағдарламаларды әзірлей алады;
- Күн тәртібінде, ойын іс-әрекеті барысында баланы қолдау стратегияларын қолдана алады;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуде қауіпсіз әрі қолдау жүргізе алатын дағдыларды игерген;
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссиямен, тәрбиешілермен, мамандармен және ата-аналармен өзара әрекеттесуге дайын;
- Бекітілген құжаттамаларды жүргізіп, баланың бағдарламаларды меңгеруі мен әлеуметтену деңгейіне қатысты мониторингтік деректерді ұсына алады.

Оқу нәтижелері практикалық бағытқа ие болып, мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті тәжірибенің сапасын арттыруға бағдарланған. Бұл нәтижелер педагог-ассистенттердің функционалдық міндеттерін тиімді орындауына, әрбір ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға оның жеке білім беру қажеттіліктеріне сәйкес сапалы қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді.

### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны курстың мақсаты мен міндеттерімен логикалық байланысты және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған төрт модульде көрсетілген.

Әрбір модуль оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған, теориялық және практикалық-бағдарланған дайындықтың сабақтастығын қамтамасыз етеді және дәріс сабақтарын, практикалық тренингтерді, кейстерді талдауды, кәсіби жағдайларды модельдеуді және практикалық тапсырмаларды орындауды біріктіреді.

**Модуль 1. Нормативтік құқықтық негіздері және кәсіби профиль.** Модуль педагог-ассистент қызметінің құқықтық негізін, оның функцияларын, міндеттері мен инклюзивті мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі рөлін ашады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік ережелері, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды бағалау ережелері, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия құжаттары, қолдау регламенттері қарастырылады. Кәсіби этикаға, баланың құқықтарын қорғау және қауіпсіз ортаны ұйымдастыру мәселелеріне назар аударылады.

**Модуль 2. Ерекше білім беру қажеттілігі бар мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.** Модуль ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың негізгі санаттарын, олардың даму ерекшеліктерін, мінез-құлқын, коммуникативті және сенсорлық профильдерін зерттеуге бағытталған. Ерте көмек көрсету тәсілдері, командалық бағалау принциптері, даму динамикасын бақылау және бекіту құралдары қарастырылады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия ұсыныстарын талдау дағдылары қалыптасады.

**Модуль 3. Тәрбие-білім беру процесін даралау және инклюзивті тәрбие мен оқыту жағдайында баланы қолдау.** Модуль жеке білім беру, түзету-дамыту және бейімдеу бағдарламаларын жасауға арналған. Қатысушылар режимдік сәттерде, ойын іс-әрекетінде, тұрмыстық және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда баланы қолдау әдістерін меңгереді. Мінез-құлықты қолдау, визуалды қолдау, сенсорлық реттеу, психологиялық-педагогикалық қолдау технологиялары талдай алады.

**Модуль 4. Құжаттамалық қолдау, командамен өзара іс-әрекет және қорытынды аттестаттау.** Модуль педагог-ассистенттің міндетті құжаттамасын жүргізу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған: бақылау хаттамалары, дамудың динамикалық карталары, қолдау бойынша есептер, мониторингке арналған материалдар. Тәрбиешілермен, психологтармен, дефектологтармен, логопедтермен, ата-аналармен ынтымақтастық модельдері қарастырылады.

**Соңында қорытынды аттестаттау өткізіледі, оған мыналар кіреді:**

- практикалық тапсырманы орындау (кейс + бақылау хаттамасы, жеке білім беру маршруты);
- Қорытынды жұмысты қорғау немесе тестілеу.

Бағдарламаның оқу жоспарында (1-кесте) 80 сағаттық курсты және оның жеке тақырыптарын зерделеу үшін көзделген академиялық сағаттарды бөлу ұсынылған.

**Бағдарламаның оқу тақырыптық жоспары (80 сағат)**

| <b>№ п/п</b>                                                                                                        | <b>Модуль / Тақырыптары</b>                                                                                                                                                | <b>Д</b>  | <b>П</b>  | <b>Барлығы</b> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|----------------|
| <b>Модуль 1. Педагог-ассистенттің нормативтік құқықтық негіздері және кәсіби профилі</b>                            |                                                                                                                                                                            | <b>10</b> | <b>10</b> | <b>20</b>      |
| 1.1                                                                                                                 | Инклюзивті мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құқықтық негіздері (заңнама, стандарттар, бұйрықтар, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия қорытындылары) | 4         | 2         | 6              |
| 1.2                                                                                                                 | Педагог-ассистент қызметінің лауазымдық міндеттері, функциялары мен этикалық принциптері                                                                                   | 3         | 3         | 6              |
| 1.3                                                                                                                 | Қауіпсіз білім беру ортасы және баланың құқықтарын қорғау                                                                                                                  | 3         | 5         | 8              |
| <b>Модуль 2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері</b> |                                                                                                                                                                            | <b>9</b>  | <b>11</b> | <b>20</b>      |
| 2.1                                                                                                                 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың санаттары: даму, мінез-құлық және коммуникация ерекшеліктері                                                               | 4         | 4         | 8              |
| 2.2                                                                                                                 | Ерте жастан көмек көрсету принциптері және баланың дамуын командалық бағалау                                                                                               | 3         | 3         | 6              |
| 2.3                                                                                                                 | Даму динамикасын бақылау, бекіту және талдау әдістері                                                                                                                      | 2         | 4         | 6              |
| <b>Модуль 3. Тәрбиелеу және білім беру процесін дараландыру</b>                                                     |                                                                                                                                                                            | <b>10</b> | <b>14</b> | <b>24</b>      |
| 3.1                                                                                                                 | Жеке білім беру бағдарламалары (ЖБББ, түзету-дамыту бағыттары): құрылымы, әзірленуі, іске асырылуы                                                                         | 4         | 4         | 8              |
| 3.2                                                                                                                 | Режимдік сәттерде, ойында және ұйымдастырылған іс-әрекетінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау                                                         | 3         | 5         | 8              |
| 3.3                                                                                                                 | Позитивті мінез-құлықты қолдау, визуалды және сенсорлық қолдау.                                                                                                            | 3         | 5         | 8              |
| <b>Модуль 4. Құжаттамалық қолдау, командалық өзара іс-әрекет және қорытынды аттестаттау</b>                         |                                                                                                                                                                            | <b>4</b>  | <b>12</b> | <b>16</b>      |
| 4.1                                                                                                                 | Педагог-ассистенттің құжаттамасы: хаттамалар, бақылау карталары, есептер.                                                                                                  | 2         | 4         | 6              |
| 4.2                                                                                                                 | Командалық өзара іс-әрекет: педагогтармен,                                                                                                                                 | 2         | 4         | 6              |

|           |                                                                   |           |           |           |
|-----------|-------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|
|           | мамандармен, ата-аналармен жұмыс.                                 |           |           |           |
| 4.3       | Қорытынды аттестация (практикалық жұмыс, есепті қорғау және т.б.) | –         | 4         | 4         |
| Қорытынды |                                                                   | <b>33</b> | <b>47</b> | <b>80</b> |

### Шартты белгілер:

Д – дәріс

П – практикалық сабақ

Жалпы – тақырып бойынша жалпы сағат саны.

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша оқу процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылады және тыңдаушылардың мүмкіндіктері мен тілектеріне байланысты күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта іске асырылады. Бағдарламаның жалпы көлемі **80 академиялық** сағатты құрайды (1 академиялық сағат = 45 минут). Бір оқу күнінің ұзақтығы **8 академиялық сағатқа дейін**.

Курстың мазмұны дәріс сабақтарын, тақырыптық семинарларды, практикалық тапсырмаларды, кәсіби жағдаяттарды талдауды және қорытынды аттестаттауды қамтитын 4 модульге құрылған. Модульдік құрылым мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін педагог-ассистентке қажетті құзыреттерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Оқытуды ұйымдастыру андрагогика, рефлексивті, тұлғаға бағытталған және іс-әрекетке негізделген тәсілдер принциптеріне сүйенеді, бұл тыңдаушыларды өздерінің кәсіби тәжірибелерін талдауға белсенді қосуға, қолдау тобындағы педагог-ассистенттің рөлін түсінуге және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу технологияларын игеруге ықпал етеді.

Оқыту стратегиясы тәжірибеге бағытталған әдістер мен интерактивті жұмыс түрлеріне бағытталған, бұл тыңдаушыларға ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы қолдау дағдыларын дамытуға және игерілген құралдарды өздерінің педагогикалық қызметіне пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу процесінде келесі жұмыс түрлері қолданылады:

- **дәрістер мен тақырыптық семинарлар** инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, нормативтік-құқықтық базаны, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және қолдау принциптерін игеруге бағытталған;

- **практикумдар** жеке және топтық тапсырмаларды орындауды қамтитын кейстерді талдау, модельденген жағдайларды бақылау, хаттамалар жасау, жеке бағдарламалардың фрагменттерін әзірлеу, ойын және ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолдауды модельдеу;

- **кәсіби жағдаяттарды (кейстерді) талдау**, тыңдаушыларға ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудің нақты жағдайлар контекстінде білімді қолдануға мүмкіндік беретін;

- **қорытынды бағалау**, практикалық жұмыстарды (бақылау хаттамасы, жеке білім беру бағдарламалары мен түзету-дамыту бағыттары) және нәтижелерді ұсынады.

Сабақ өткізу әдістері мен нысандары бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін, тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін және әрбір модульдің күтілетін нәтижелерін ескере отырып таңдалады. Жаттықтырушылар бағдарламаның әдістемелік тұтастығын сақтай отырып, тыңдаушылардың білім беру ұйымдарының ерекшеліктеріне мазмұнды, мысалдар мен тапсырмаларды бейімдеу мүмкіндігіне ие.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі құзыреттілік тәсіл принциптеріне сәйкес тыңдаушылардың кәсіби қызметке практикалық дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету кешені:

### **1. Теориялық компонент**

- инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, педагог-ассистенттің кәсіби профилін, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін, қолдау әдістерін ашатын дәріс материалдары;
- өзекті нормативтік құжаттар (заңдар, бұйрықтар, стандарттар, психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия ұсынымдары);
- жеке білім беру бағдарламаларын, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және бақылауларды хаттамалау бойынша әдістемелік нұсқаулар;

### **2. Практикалық компонент**

- кәсіби жағдаяттарда теориялық білімді қолдануға арналған тапсырмалар;
- кейстермен және жағдаят міндеттерімен жұмыс;
- жеке бағдарламалар фрагменттерін талдау, бақылау хаттамалары, динамика карталарын әзірлеу;
- қоршаған ортаны ұйымдастыру, көрнекі қолдауды қолдану, ұйымдастырылған іс-әрекет құылымын құру бойынша практикалық жаттығуларды орындау

### **3. Өзіндік жұмыс тапсырмалары**

- нақты немесе модельденген қолдау жағдаяттарды талдау;
- баланы бақылау хаттамаларын дайындау (сипаттау бойынша немесе видеороликтер негізінде)
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау бойынша шағын жобалар даярлау;
- игерілген құзыреттіліктер бойынша өзін-өзі бағалау және рефлексия;

### **4. Өзін -өзі бағалау критерийлері**

Саналы оқытуды қамтамасыз ету үшін тыңдаушылар әрбір модуль бойынша өзін-өзі бағалау критерийлерін пайдаланады, соның ішінде:

- Нормативті талаптарды түсіну;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктерін талдай білу;
- Жеке білім беру бағдарламаларын/маршрутын немесе қабілеттілігін талдау;
- Бақылау және қолдау әдістерін меңгеру;
- Командалық өзара іс-әрекеттің құралдарын қолдануға дайын болу;
- Этикалық принциптерін және қауіпсіздік талаптарын сақтау;

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тыңдаушының дербестігін дамытуға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды практикалық қолдауға, жобалауға және талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

## **8. Оқыту нәтижелерін бағалау**

